

Мемлекеттік жалға берілетін үйдегі коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғынжайды пайдаланғаны үшін төлемақының мөлшерін белгілеу туралы

Қостанай облысы Арқалық қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 15 мамырдағы № 165 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 15 мамырда № 9186 болып тіркелді

"Тұрғын үй қатынастары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 97-бабы 1-тармағына, "Мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерін есептеу әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй–коммуналдық шаруашылық істері агенттігі төрағасының 2011 жылғы 26 тамыздағы № 306 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7232 болып тіркелген) сәйкес Арқалық қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Арқалық қаласы, Ш. Жәнібек көшесі, 107 -үй мекенжайы бойынша орналасқан мемлекеттік жалға берілетін үйдегі коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғынжайды пайдаланғаны үшін төлемақының мөлшері бір шаршы метр үшін айына 72 (жетпіс екі) теңге 90 (тоқсан) тиын мөлшерінде белгіленсін.

2. "Арқалық қаласы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Арқалық қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Арқалық қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Арқалық қаласының әкімі

К. Абишев